

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 қазандағы N 1687 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 2087 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының делегациясын Пекин қаласына (Қытай Халық Республикасы) іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 қазандағы N 1687 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 . М ы н а л а р :

Сейітқажы Қажыкенұлы Оқасовты, Серік Ғабдоллаұлы Әубәкіровті, Алтынбек Қосайұлы Егізбаевты, Руслан Зауытқанұлы Нұрбатчановты қоспағанда, осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының делегациясы 2009 жылғы 27 - 29 қазан к е з е н і н е ;

Сейітқажы Қажыкенұлы Оқасов, Серік Ғабдоллаұлы Әубәкіров, Алтынбек Қосайұлы Егізбаев, Руслан Зауытқанұлы Нұрбатчанов 2009 жылғы 27 - 31 қазан кезеңіне Пекин қаласына (Қытай Халық Республикасы) іссапарға жіберілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі тәуліктік және:

Сейітқажы Қажыкенұлы Оқасовты, Серік Ғабдоллаұлы Әубәкіровті, Алтынбек Қосайұлы Егізбаевты, Руслан Зауытқанұлы Нұрбатчановты қоспағанда, қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының делегациясы мүшелеріне Алматы - Пекин - Үрімші -
А л м а т ы б а ғ ы т ы б о й ы н ш а ;

Сейітқажы Қажыкенұлы Оқасовқа, Серік Ғабдоллаұлы Әубәкіровке, Алтынбек Қосайұлы Егізбаевқа, Руслан Зауытқанұлы Нұрбатчановқа Алматы - Пекин - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарға белгіленген тәртіппен шетелдік валютада қ а р а ж а т б ө л с і н " .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К. Мәсімов